

ӘОЖ 378(075.8):2

Қ.М. Борбасова*, Н.Қ. Альджанова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail: Karligash.Borbасова@kaznu.kz

Қазақстандағы неопротестанттық евангелдік білімнің таралу ерекшеліктері

«Қазіргі Қазақстандағы діннің рөлі» ғылыми жоба аясында даярланған

Аңдатпа. Мақала Қазақстандағы евангелдік діни білім тарату мәселесіне арналады. Қазақстанда евангелдік ілімді таратуда қазір өте белсенді миссионерлік қызмет жасап жүрген «Грейс-Благодать-Рахым» және «Новая жизнь – Жаңа өмір», шіркеулерінің жұмыстарына сараптама жасалады. Бұл шіркеулердің мақсаты. Қазақстан қоғамына евангелдік ілімді тарату арқылы адамдарды Иисус Христостың жолына түсіру. Осы мақсат жолында шіркеулерде жасалып жатқан жұмыс барысы мақала авторлары тарапынан сырттай бақылау арқылы зерттеліп, өзіндік бағасын алып отыр.

Түйін сөздер: діни білім, Евангелизация саясаты, миссионерлік қызмет, шіркеу, діни қызмет.

Қазіргі Қазақстанда 1990 жылдан бастап Евангелшіл христиандарының арасында белсенді миссионерлік қызметпен айналысып жүрген «Грейс-Благодать-Рахым» шіркеуі, «Новая жизнь – Жаңа өмір», «Агапе» «Вифлеем» қауымдары.

«Грейс-Благодать-Рахым» шіркеуінің жұмысын Германиядан арнайы білім алған пастор Ким Сам Сон жүргізеді. 1991жылдың шілде айынан бастап Библия мектебін ашып, 10 адам дайындайды. Осы дайындықтан өткендер бөлімшелер (ячейка) құрып, Библияны уағыздауды бастайды. Ячейкалық жұмысты жүргізуді жетілдіру мақсатында Ким Сам Сонға Америкадан пастор Ральф Нейбор, 1994 жылы Лоренс Конг көмекке келеді. Қазір шіркеудің 300- ден астам ячейкасы бар.

Бұл ұйымдардың негізгі мақсаты Қазақстан халықтарының көзқарасын өзгерту, олардың Иисус Христосқа деген сенімдерін күшейту. Ол үшін шіркеу Қазақстанның түпкір-түпкіріне жіберуге рухани басшылар дайындайды. Дайындық төрт кезеңнен тұрады: 1-курс Құдай сөзін тану туралы, 2-курс адамдардың қарым-қатынастарын түсіну, 3-курс «А» типті евангелизациялау және «В» типті евангелизациялауды меңгеру, 4-курста адамға ячейканың рухани лидері болуды үйретеді [1].

«Благодать» шіркеуі 2010 жылдың аяғына дейін Қазақстанда толығымен евангелизация процесін бітіруді көздеп отыр. Яғни барлық қазақстандық мәсіхшіл болады деген сөз. Қоғамда

қалыптасқан рухани дәстүрлерді (ұлттық әдет-ғұрыптар мен ислам дәстүрлері) бұзып, оған Библияның рухын кіргізу – негізгі мақсат. Ол үшін олар барлық ақшалай қаржыларын да, күш-қайраттарын да аямай салады.

1992 жылы Алматы қаласында орталық стадионда үш күндік Інжілдік хабар жиналысы өтті. Оған халықаралық деңгейде Ізгі хабар таратушы Питер Яег қатысты [2]. 1996 жылы негізі қаланған Інжілдік қазақ қауымы «Сәлем» мүшесі жағынан Қазақстан бойынша үш жарым мыңға жуықтап, басқа елдерге миссионерлер аттандыруда. 1999 жылы Інжілдік мәсіхшілерді біріктіру мақсатында Қазақстан діни бірлестіктер ассоциациясы және 2004 жылы «Қазақстан Інжілдік Одағы» құрылды. Сонымен қатар «Мухаббат», «Нижат» т.б. ұйғыр Інжілдік қауымдары 2000 жылдан бастап жұмыс жүргізуде.

«Жаңа өмір» шіркеуі Алматы қаласында 1990 жылдан бері өзінің миссионерлік жұмысын бастаған болатын.

Оның негізін салушы Максимов Максим Алексейұлы. «Жаңа өмір» Библиялық колледжін ашады, онда 5000-ға жуық студент оқиды. Библиялық Колледжді тамамдаған студенттер Қазақстанның басқа қаларында жаңа шіркеу ашу ісіне ат салысады.

1992 жылы қыркүйек айында «Жаңа өмір» шіркеуінде Күнделікті Құдайға құлшылық ету қызметі ашылады да оған 110 тыңдармандар қабылданады. 1993 жыл М.Максимов үшін Қазақстан жерінде жаңа шіркеулердің негізін

қалау жылына айналды. Сол жылы «Жаңа өмір» Библиялық орталығы ашылды. 1992-1995 жылдар аралығында Қазақстанның ірі қаларындағы бас стадиондарында Иисус Христос туралы Игі Хабарды естіруге бағытталған «евангелдік саяхаттар» өткізілді. 1995 жылы «Жаңа өмір» шіркеуінде сыртқы байланыс бөлімі ашылды, бұл өз кезегінде 2000 жылы – 60 шіркеудің дамуына ықпалын тигізді. 1996 жылдан бастап «Жаңа өмір» журналы шығарыла бастады. 1997 жылы «Иени хаят» ұйғыр қауымы және «Жаңа өмір» қазақ қауымы өз жұмыстарын бастады.

2000 жылы 25 желтоқсанда Алматы қаласының кабельдік жүйесінде CNL телеарнасы хабар таратуды бастайды. 2002 жылдан бастап АҚШ-та CNL офісі ашылып, «Hot Bird™» жасанды жер серігі арқылы әлемдегі алғашқы христиандық орыс тілінде хабар таратын CNL телеарнасы жұмысын жалғастыруда. Хабар тарату аймағы – 74 ел (аудиториясы – 100 млн. телекөрсеткіштермен).

2007-2010 жж. М.Максимов жолсапарларға шығып, бүкіл әлем бойынша жүздеген жиналыстар өткізеді. 2010 жылы Алматы қаласында үлкен телестудиясы ашылады.

Шіркеуде жалпы шіркеулік Құдайға құлшылықтар әр жексенбі сайын таңертең өткізіледі. 55 жастан асқан адамдар жиналысы бейсенбі күні 14:00-де басталады. Шіркеуде қазақ, ұйғыр, армян тілдерінде өтетін жиналыстар, жастарға, балаларға, қолмен сөйлейтіндерге (мылқаулар), ұйымдастырушыларға, әйелдерге, ерлерге, жаңадан келгендерге арналған альфа курстар, мадақтау, рухани қалпына келу, жаңару, қазақ қауымының «25+» және т.б. көптеген құлшылықтары өткізіледі. Құлшылық ету рәсімдері бірнеше тілде жүргізіледі: қазақ, орыс, ұйғыр, армян және де ым-ишара арқылы сөйлеу (мылқаулар мен естімейтіндер үшін).

Жастарға арналған, отбасылық конференциялар өткізіледі. Ағылшын тілін үйрету курстары, Құдайды би арқылы мадақтау курстары жұмыс жасайды. Діни уағыз түрінде жазылған сатылатын кітаптар және тегін таратылатын кітапшалар бар. Кітаптарды шіркеу кітап дүкенінен алуға болады. Бизнес-семинарлар, кеңестер, уағыздар жазылған аудио, CD, DVD-ді арнайы каталогтан бағасын қарап, сатып алуға немесе шіркеу сайтынан тегін көшіріп алуға болады.

«Ондық» – десятина жайында айтар болсақ, барлық христиан шіркеулеріндегідей тапқан табыстың он пайызын Құдай жолына беру, одан

бөлек берілетін міндетті емес садақа тағы бар. Аталған садақалардың бір бөлігі пасторлар, уағызшылар, қызметкерлердің жалақысына, сонымен қатар, шіркеуді жөндеу ісіне және қайырымдылық істеріне жұмсалады. Шіркеуде «Сенім» телефоны жұмыс істейді. Мерекелерге келер болсақ шіркеуде мемлекеттік мейрамдармен қатар діни мейрамдар тойланады, мәселен: православиелік, католиктік екі «Рождество», екі «Пасха», «Жаңа жыл», «Наурыз» және туған күндер.

Құдайға құлшылық ету, әдетте, мынадай сценарий бойынша жүреді:

1. Жиналған қауым дұғасы, осы құлшылыққа Құдайдан игілік сұрау.

2. Жиналғандар бірге ән айтып Құдайды мадақтайды.

3. Шіркеуде жоспарланған іс-шаралар туралы хабарлау.

4. Құдай жолына өз еркімен садақа беру.

5. Балаларға арналған құлшылық.

6. Құдайды мадақтау.

7. Уағыз.

8. Күнәларды мойындау (покаяние) дұғасына шақыру.

9. Берілген хаттары бойынша адамдардың мұқтаждықтарына арналған дұға.

10. Сахна жанында шіркеу қауымының адамдарына арналған пастор жеке оқитын дұға.

11. Жиналыстан кейін пасторлармен жеке әңгімелесу

Қазақстан Республикасының 100-ден астам қаласында «Жаңа өмір» қауымдары жұмыс жасауда. Қазіргі таңда шіркеу қызметкерлерінің мәлімдеуінше 5000-нан аса әр-түрлі жастағы орыс, кәріс, қазақ, ұйғыр ұлтының өкілдері Рихард Зорге 14А көшесінде орналасқан «Жаңа өмір» шіркеуіне келіп, осы жерде орындалатын әр түрлі діни ғибадаттарға қатысады. Қауымға келетін адамдардың 2000-ға жуығын орыс ұлтынан, 800-ден астамы қазақ ұлтынан, 500-ге жуығы ұйғыр ұлтынан екен. Осында келіп жүрген адамдардың 25-30 пайызын 18-25 жас арасындағы жастар құрайды. Мысалы, шіркеуге келіп жүрген 800 қазақтың 200-ден аса адамы жас буын өкілдері болып табылады.

Бұл шіркеудің тағы бір жұмыс істеу ерекшелігі мұсылмандардың жұма құлшылығы уақытына сай жұма уағыздары ұйымдастырылады. Бұл істі олар ячейкалық қызмет арқылы жүзеге асырады. Үй шіркеулерінің лидерлері имам секілді көрінуге тырысып, уағыз жүргізеді. Осындай

ғибадатты олар өз үйлерінде ұйымдастырып, сол кездесулерінде Інжілді оқып, бір – бірлеріне уағыз айтып үй ішінде өз ғибадаттарын орындайды.

Кәмет жасына толмаған балаларға арналған «Иса мейірімді бақташы» деген қазақ тіліне аударылған, ертеке үлгісіндегі кітаптар бар. Мұндағы әңгімелер Киелі кітаптан қысқартылып алынған. Әрбір әңгіме түрлі-түсті суреттермен көркемделген, ол суреттерде суретші әңгімеде айтылған оқиғаларды өз түсінігі бойынша бейнелеген. Кітапта Иса Мәсіхтің өмірі мен Оның адамдарға деген зор сүйіспеншілігі туралы жазылған. Оқырманды қызықтыру мақсатында бірнеше сұрақтар қойып, жауабын табуы мензейді.

Соның бірі: «Сен Мәсіх жайлы не білесің? Сен Мәсіхтің таңғажайып туылуы жайлы қандай пікірдесің? Мәсіхтің тууына 700 жыл бұрын Ишая пайғамбар бұл таңғажайып туылудың қалай болатыны жайлы сәуегейлік етті (Ишая 7,14): «Сондай Құдайдың Өзі сендерге аян береді, сөйтіп Қыздың құрсағына Киелі Рухтан бала бітіп, ол Ұл туады да, Оның есімін Еммануил (бұл есім «Құдай бізбен бірге» дегенді білдіреді) деп қояды. Бұл туралы Матай жазған Ізгі хабарда (1,31) былай делінген: «Періште Мәриямға: «Киелі Рухтан саған бала бітеді, сен Ұл туасың, Оның есімі Иса («Құтқарушы» деген мағынаны білдіреді) деп қоясың», Осының бәрі Иса Мәсіхтің Құдайдан шыққанын дәлелдейді» /51/ деген аңыз әңгімені келтіріп, жас оқырман қауымға түсіндіреді.

Шіркеу жұмысы өте қатал күнтізбемен жұмыс жүргізеді. Бұнда ағылшын тілін тегін үйретуіміз және оны тәжірибе жүзінде қолдануға көмектесеміз деп жарнамалайды. Ағылшын тілін оқыту барысында өздерінің діни мәтіндерін, Інжілден алынған үзінділерді пайдаланып ағылшын тілін үйрету сабағы миссионерлік қызметтің бір тармағына айналып отыр.

«Жаңа өмір» шіркеуінің ғимаратында шіркеуге тиесілі «CNL» телестудия орналасқан және бұл миссионерлік саясатты жүзеге асыратын спутниктік телеарна. Бұл «CNL» телеарнасы спутник арқылы әлемнің 70-тен аса елдерінде өзінің хабарын ағылшын, орыс, украин және т.б. тілдерінде береді. Телеарнада жас балаларға және үлкендерге арналған Евагелиядағы діни мәтіндер бойынша мультфильмдер, ойындар, театрлық қойылымдар, концерттер, кинофильмдер, әндер, уағыздар, Інжілді оқу барысын трансляция-

лайды. «Жаңа өмір» шіркеуінің ғимаратында орналасқан телестудияда діни мәтіндегі мультфильмдер, кинолар, әндер, уағыздар түсіріліп, шетелден келгендерді аударып, өндеп осы жерден бүкіл әлемге таратады.

Діни уағыз барысында Евангелия идеяларын дәріптемейтін діндердің барлығын жоққа шығарумен қатар дәстүрлі діндер мен ұлттық діндердідегі өз ұстанымдарына қайшы келетін көзқарастарды сынға алып, тек евангельдік ілімнің дұрыстығын растайды. Олардың көзқарасы бойынша Евангелиядан басқа кітаптар да, діндер де жалғанға апаратын елес ретінде қарастырылады.

«Жаңа өмір» шіркеуінде ұлтына, жасына байланысты аптаның әр күндері діни ғибадаттар орындалады:

Дүйсенбі және басқа күндері: сағат 08:30-да таңғы дұға ғибадатынан бастап, 14:00-де ұйғыр әйелдерінің діни қызметі, 16:00-де орыс тілінде Інжілді зерттеу, 19:00-де қазақ қауымының альфа-қызметі;

Сейсенбі күні: сағат 17:00-де орыс тілінде лидерлік діни қызмет, 18:00-де жас балалар билері;

Сәрсенбі күні: сағат 10:00-де жанұя үшін дұға, 18:00-де Қазақ Қауымының діни қызметі, 18:00-де жастардың дұға жасау діни қызметі;

Бейсенбі күні: сағат 14:00-де «55+ алтын жылдар» діни қызметі, 16:00-де орыс тілінде Інжілді зерттеу, 18:30-да жас топтардың би үйірмесі;

Жұма күні: сағат 13:00-де «50+» қазақ қауымы, 18:00-де қазақ қауымының Інжілді зерттеуі, 18:30-да жалпы шіркеулік дұға жасау діни қызметі;

Сенбі күні: сағат 14:00-де орыс тілінде Інжілді зерттеу, 17:00-де балалар биі;

Жексенбі күні: 09:00-де балалардың жалпы шіркеулік діни қызметі,

09:30-да жалпы діни қызмет, 13:00-де «16 жасқа дейін балаларға жиналыс», Алматы-2 діни қызметі, қазақ қауымының діни қызметі, орыс тілінде Інжілді зерттеу, 14:00-де Ұйғыр жамағатының діни қызметі, 15:30-да қазақ қауымына жаңадан кіргендерге арналған діни қызмет, 16:20-да қазақ қауым жастарының діни қызметі және қазақ қауымының «25+» діни қызметі, 18:00-де жастардың діни қызметі жүзеге асырылады.

Осы күнтізбемен өткізілетін ғибадаттардың барлығы гитараның сүйемелдеуімен «О, Аллилуйя!» әнін айтумен басталады. Әр діни

ғибадатты діни көшбасшылар (оларды бұл шіркеуде «бақташылар» деп атайды) жүргізеді. Бақташылар Евагельяны өте жақсы білетін, бірнеше (қазақ, орыс, ағылшын, ұйғыр, қаріс) тілді меңгерген, сөзге шешен, өткір, ашық мінезді, актерлық шеберлігі де бар тұлғалар болып келеді. Олардың өткізген дәрістері мен жиындары достық-сырластық қарым-қатынаста, өте көңілді өтеді.

«Жана өмір» шіркеуіне адамдардың келу себебі олар мұнда психологиялық, материалдық және рухани көмек алады. Жалғыз басты немесе күйзеліп жүрген адамдар өздерінің қажеттілігін сезінеді, кейбіреулері осы жерден жұмыс тауып өмір сүреді. Тағы бір топ туралы да айта кету керек, олар материалдық жағынан да, рухани жағынан да тәуелді адамдарға ұқсамайды. Олар қатты беріліп құлшылық та жасамайды, кейбіреулер сияқты эмоцияға да берілмейді. Бірақ осы шіркеуге жүйелі келіп тұрады, ағылшын тіліне қатысады, балаларын биге береді, әр түрлі дәрістерге қатынасады. Бір азаматтың айтуынша оның бизнесінің дамуына осы шіркеудегі дәрістер ықпал еткен. Сондықтан да ол өзінің тапқан кірісінің он пайызын ойланбастан береді екен. Сонымен қатар әр уақытта ол өзіне осы шіркеуден көмек ала аламын дейді.

Ағылшын тілінен сабақ беретіндер, хорда олең айтатындар, өнермен байланысты тағы да

басқа саладағы шіркеу жұмысындағылар жан-жақты білімді, өз істерінің білгір мамандары. Олардың барлық өмірі осы шіркеумен байланысты. Жақсы жалақымен қамтамасыз етілген. Олар өздерінің Қазақстан үшін «адал қызмет етіп» жүргендеріне сенімді. Басқа жерде жұмыс істегілері келмейді, себебі «тек осы шіркеудің шеңберінде ғана адам өзін материалдық және рухани жағынан тәуелсіз сезінеді». Ал шіркеу тапсырмасы болса әлемнің қай жері болса да, қандай іс болса да баруға дайын.

Әдебиеттер

1 Борбасова Қ.М. Қазақстандағы евангелшіл христиандар (масихшілдер) және олардың миссионерлік қызметі // ҚазҰУ Хабаршысы: Философия, мәдениеттану, саясаттану сериясы. – 2009. – № 2 (33). – 29-33 бб.

2 Любовь подаренная вам // ЕХМЦ «Благодат» № 1. – Алматы, 1998.

3 Донаков Т. Особенности создания религиозных объединений и их правовая основа в Казахстане // Религиозный экстремизм: истоки, реальность и социально-правовые превенции. Сборник материалов научно-практической конференции 26-27 апреля 2001 года. Часть. 1. – Алматы, 2001. – С.14.

4 Қазіргі дәстүрден тыс діни қозғалыстар мен культтер. – Алматы, 2009

К.М. Борбасова, Н. Альджанова

Особенности распространения неопротестантского евангельского учения в Казахстане

Статья посвящена проблеме распространения религиозного учения Евангелия в Казахстане. Произведена экспертиза работам следующих церквей: «Грейс-Благодать» и «Новая жизнь», которые очень активно проводят миссионерскую деятельность в распространении учения Евангелия в Казахстане. Целью этих церквей является вовлечение людей на путь Иисуса через распространение учения Евангелия. Миссионерская деятельность этих религиозных объединений изучена заочно со стороны авторов и имеет свою оценку.

Ключевые слова: религиозное образование, политика Евангелизации, миссионерская деятельность, церковь, религиозная деятельность.

K.M. Borbasova, N.K. Aldzhanova

Features of spread of Neo-Protestant Gospel teaching in Kazakhstan

Article is devoted to the problem of spreading of religious teaching the Gospel in Kazakhstan. The surveying of works of the following churches is conducted: «Grace Good fortune» and «New life» which actively carry out missionary activity in spread Gospel doctrine in Kazakhstan. The purpose of these churches is involving of the people on Jesus way through doctrine Gospel distribution. The missionary activity of these religious associations are studied in absentia from authors and have their own assessment.

Keywords: religious education, policy of Evangelization, missionary activity, Church, religious activity.